





ФЕНОЛДАР



Фенолдар — бензол
сақинасындағы бір немесе
бірнеше сутек
атомдарының орнын
гидроксигруппа басқан
ароматты көмірсутектердің
туындылары. Ең қарапайым
өкілі — фенол C_6H_5OH
немесе гидроксibenзол.





Алынуы. Фенолды көбіне тас көмір шайырын өңдеу арқылы алады. Сондай-ақ ароматты көмірсутектерінің галогентуындыларын сілтімен әрекеттестіріп те алады:



Өндірісте бастапқы шикізаттар ретінде бензол мен пропиленді пайдаланып, кумольді әдіспен фенол алу іске асырылған.

Физикалық қасиеттері. Фенол — түссіз кристалдық зат. 43°C -та балқиды. Ауада ашық қалғанда тотығатындықтан, қызғылт түсті болады. Бөлме температурасында аздап қана ериді, ал 60°C -тан жоғары қыздырғанда, суда шексіз ериді. Фенол — улы зат, теріні күйдіреді. Ерітіндісі антисептик ретінде қолданылады.

Химиялық қасиеттері. Фенол молекуласындағы атомдар бір-біріне өзара әсер ететіндіктен, полярлы қосылыс болады.





Фенолдың 3—5%-тік ерітіндісін зиянды микробтарды жою үшін антисептик ретінде қолданады. Фенолдан түрлі дәрі-дәрмектік препараттарды, бояуларды, синтездік шайырлар мен пластмассаларды, қопарғыш заттарды синтездеп алады.

Фенол—улы зат, көп мөлшері теріні күйдіреді, табиғатқа зиянын тигізеді, сондықтан өндіріс қалдықтарындағы фенолды ағын суға жібермеу және зиянсыздандыру қажет.

Өндірістік қалдық сулардағы фенолды бактериялық әдіспен тазарту мүмкін емес, өйткені фенолдың залалсыздандырғыш қасиеті бар. Сондықтан фенол қоспаларын озондау әдісімен тазартады. Фенолдың буы да улы. Оны тағам өнімдеріне жақындатуға болмайды!

Бензол сақинасында гидроксил тобы бар қосылысты фенол деп атаймыз. Фенолда реакция гидроксил тобымен қатар ароматты сақинада да жүреді. Бензолмен салыстырғанда бромдау, нитрлеу реакциялары жеңіл өтеді, орын басу реакциялары 2,4,6-орындарда жүреді.



Қолданылуы

Применение производных фенола



лекарства



заменители сахара



красители




капролактam



моющие средства

Применение фенола

Схема 8. Применение фенола



Көңіл бөлгендеріңізге
рахмет!!!

